

Бородулиха аудандық мәслихатының шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Абай облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2022 жылғы 21 қазандағы № 22-8-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 қазанда № 30355 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес, Бородулиха аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Бородулиха аудандық мәслихатының 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 30-3-VI "Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын Бородулиха ауданының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-8-189 болып тіркелген) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат хатшысы

У. Майжанов